БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 248 (9310) | 1953 жылғы 19 декабрь Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Бұл күндері облысымыздың еңбекшілері партияның XIX съезінің, ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің соңғы қаулыларын жүзеге асыру күресіне жұмыла кірісіп отыр. Бұл тарихи қарарлар мен қаулыларды мүлтіксіз жүзеге асыру үшін жергілікті жерлерде олардың орындалуын үнемі үйымдастырып отыру ісін жақсарта беру қажет.

Қабылданған қарардың орындалуын ұйымдастыру—табыс кепілі

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің халық шаруашылығын онан әрі мықтап өркендету, халқымыздың материалдық және мәдени- тұрмыс дәрежесін мейлінше арттыру жөнінде үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Партия мен үкметтің бұл қамқорлығын партияның XIX съезі мен ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларынан, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан және осы қаулыға байланысты ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті қабылдаған соңғы қаулылардан да айқын көруге болады.

Бұл қарарлар халық шаруашылығының барлық саласын ойдағыдай өркендетудің нақтылы программасы болып табылады. Совет халқы бұл қарарларды саяси және өндірістік өрлеу үстінде, зор қуанышпен қарсы алып, оны мүлтіксіз жүзеге асыру жолында күресуде. Демек, бұл күндері совет халқы партия мен үкметтің туысқандық зор қамқорлығына іспен жауап беру жолында аянбай еңбек етуде.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің алға қойған міндеттерін деркезінде және табысты шешу күресіне еңбекшілер бұқарасын белсене жұмылдыру мақсаты жергілікті партия ұйымдарынан зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Жергілікті партия ұйымдары —еңбекшілер бұқарасына партия мен үкметімізідің саясатын, қаулы- қарарларын жеткізіп, түсіндіретін, оларды орындауды ұйымдастырып отыратын саяси басшы орын. Міне, сондықтан кәзір ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеті алға қойылып отырған кезде, шаруашылыққа партия басшылығын бұрынғыдан да жақсарта түсудің зор маңызы бар.

Партия ұйымдары шаруашылық міндеттердің табысты орындалуы үшін еңбекшілер арасында партиялық -ұйымдастыру, партиялық- саяси жұмыстарды күшейте беруге, шаруашылықтың барлық саласындағы кадрларды, оның ішінде басшы кадрларды үнемі тәрбиелеп отыруға міндетті. Кадрларды принципшілдікке, саяси қырағылыққа, кемшілікке төзбеушілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу —тәрбие жұмысындағы басты мәселе. Олай болса, партия ұйымдары кадрларды осы сыяқты игі қасиеттерге тәрбиелеп, олардың өз меді. Сонымен аудандық партия комитетінің қабылдаған қаулылары қой шаруашылығын өркендету жөнінде көрсетілген жақсы ниет болды да, қағаз жүзінде қалып қойды.

Аудандық партия комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының мал шаруашылығына партия басшылығын тиісті дәрежеде жүргізе алмауы себепті үстіміздегі жылы бірде- бір ауданда мал өсірудің, мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың және мал азығын дайындап, әзірлеудің жоспары орындалмай отыр. Кәзір колхоздар мен совхоздарда мал азығын ұқыпсыз жұмсау, малды күту ісін нашарлату фактілері жоқ емес. Солай бола тұрса да, партия ұйымдары бұл кемшіліктерді жоюға іскерлікпен басшылық етпей келеді. Мұндай кемшіліктер көктемгі егіске әзірлікті ұйымдастыруда да бар.

Басшылық ету дегеніміз — жергілікті жерлерде жоғарғы органдардың қаулы-қарарларының орындалуын тексеру және ұйымдастыру. Бірақ, Булаев, Ленин аудандық партия комитеттері бұл мәселеге жете назар аудармайды. Олар өздерінің алғашқы қаулыларының орындалған, орындалмағанына үнемі көңіл бөліп отырмайды да, біраз уақыттан кейін сол мәселе жөнінде тағы да қаулы қабылдауға әуестенеді. Сөйтіп, бір сарындас, бір мазмұнды қаулылардың дүркін -дүркін қабылдануына жол береді. Мұндай ұқсас қаулыларды көптеп қабылдаудың іске көп пайда келтірмейтіндігін атап айтуымыз керек.

Жақсы қаулы —істің бастамасы ғана. Қаулы қабылданғаннан кейін оның орындалуын үнемі тексеріп, ұйымдастырып отыру қажет. Істің орындалуын тексерудің маңызды құралдарының бірі партия комитеттерінің пленумдары мен бастауыш партия ұйымдарының жиналыстары болып табылады. Идеялық жоғары дәрежеде өткізілген пленумдар мен жиналыстарда сын мен өзара сын кең өріс алады, кемшіліктердің беті ашылады, оны жоюдың шаралары белгіленеді, істі жақсартуға коммунистердің белсенділігі артады. Бұл партия ұйымдарының есінде мықтап сақталуға тиіс.

Сентябрь Пленумының қаулысына байланысты облысымыздың МТС-теріне ау-

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне онан сайын тығыз топтаса түсеміз

КИЕВ, 17 декабрь. (СОТА). Бүгін түскі үзіліс кезінде Киевтің «Большевик» машина жасау заводының үлкен механикалық- құрастыру цехына екі мыңнан аса жұмысшылар, инженерлер, техниктер мен қызметшілер жыйналды.

Завод партия комитетінің секретары А. В. Юркевич ССРО Прокуратурасының хабарын оқыды.

Біріншi болып механикалық цехтың мастері М. А. Поперенко сөз алды.

—Біз үстіміздегі жылдың июнінде, — деді ол, —біздің үкметіміздің басшылық қызметке өтіп алған халықтың қас жауы Берияның қылмысты әрекеттерін әшкереленгенін білдік. Кәзіргі уақытта өзінің қызмет бабын пайдаланып, Берияның Совет мемлекетіне душпан қасқұнемдердің опасыз тобын топтастырғандығы анықталып отыр. Ол топ өзінің алдына капитализмді қайта тудыру және буржуазияның үстемдігін қалпына келтіру мақсатымен өкметті басып алу, советтік жұмысшы-шаруа құрылысын жою мақсатын қойған.

Бүкіл совет халқы сыяқты заводтың жұмысшылары, инженерлері, техниктері мен қызметшілері ССРО Прокуратурасының совет халқының ең қас жаулары — бұл сілімтіктердің ісі бойынша тергеуді аяқтағандығы туралы хабарын зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Біз былай деп мәлімдейміз: өзіміздің сүйікті Отанымыздың игілігі үшін бұдан да жақсы еңбек етеміз. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне онан сайын тығыз топтаса түсеміз, өзіміздің қырағылығымызды күшейте береміз.

Мінбеде жылдамдатылған әдіспен жұмыс істеуші токарь П. Г. Рубан.

Оның сөздері әсерлі үнмен істіледі.

—ССРО Прокуратурасының хабары, — деп мәлімдеді ол, —біздің көз алдымызда халықаралық империализмнің агенті Берияның және оның қасқұнемдік тобының нақты бет- бейнесін ашып береді. Біздің жүрегімізді билеген ыза мен кекті білдірерліктей сөз жоқ. Адамзаттың мұндай азғындарына біздің қоғамда орын болуға тиіс емес. Мен завод коллективінің атынан Отан мен халыққа опасыздық жасаушыларды совет сотының қатал жазалауын талап етемін.

Жыйналысқа қатысушылар бірауыздан қарар қабылдады, онда былай делінген:

«Киевтің «Большевик» заводының коллективі ССРО Прокуратурасының Берияның және оның қасқұнемдер тобының қылмысты істері жөніндегі хабарын тыңдап, Отанға опасыздық жасаушыларға, халықтың қас жаулары Берияға, Меркуловқа, Деканозовқа, Кобуловқа, Гоглидзеге, Мешикке және Влодзимирскийге лағнат айтады. Адамзаттың бұл азғындары көптеген жылдар бойына советтік жұмысшы-шаруа құрылысын жоюды, капитализмді қайта тудыруды, буржуазияның үстемдігін қалпына келтіруді өздерінің түпкі мақсаты етіп алдарына қойып, совет халқына, партия мен үкметке қарсы қылмысты істер жүргізген. Заводтың жұмысшылары, инженерлері, техниктері мен қызметшілері қылмыстыларға —Берияға және оның сыбайластарына жазалаудың ең жоғарғы шарасын қолдануды талап етеді.

Кәсіпорынның коллективі туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түседі, өзінің барлық күш-жігерін біздің сүйікті социалистік Отанымызды онан сайын нығайта беру ісіне жұмсайды».

ССРО Прокуратурасының жарияланған хабарын талқылауға арналған көп адам қатысқан жыйналыстар бүгін «Ленинская кузница» заводында, Роза Люксембург атындағы тоқыма фабрикасында және қаланың басқа да кәсіпорындарында болды.

Москва кәсіподақ активінің кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Үшінші Конгресінің қорытындыларына арналған жыйналысы

16 декабрьде Москва қаласының кәсіподақ активінің кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Үшінші Конгресінің қорытындыларына арналған жыйналысы болды.

нызды мәселелері жөніндегі қарарларды Конгреске қатысушылардың бірауыздан қабылдауы, деп атап айтты баяндамашы, жұмысшы табының орасан зор күшінің

Мал қыстатудағы елеулі кемшіліктер

Быйыл Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздар мал қыстату маусымына әзірліксіз кірісті. Ең алдымен, мал шаруашылығын өркендетудің шешуші шарты — жемшөп жеткіліксіз дайындалды. Бұған жемшөп дайындау жоспарының 48-ақ процент орындалғаны толық дәлел бола алады.

Колхоз басшылары осыны ескеріп, қолда бар мал азығын ұқыпты жұмсауға қыстың алғашқы күндерінен бастап бақылау жасап отырулары қажет еді. Алайда, істің жайы бұдан мүлдем басқаша болып отыр. Мысалға Чкалов атындағы колхозды алайық. Мұнда жемшөп, әсресе, сабан малға ұсақталып, буландырылып, араластырылып берілмейді. Сондықтан азықты мал сүйсіне жемейді.

Жаңдай Свердлов атындағы, Киров атындағы және «Красное знамя» колхоздарында да мақтарлық емес. Аталған колхоздар жабайы жемшөпті малға ұсатып берумен мүлде шұғылданбайды.

Колхоздарда мал қыстату маусымының үлгілі өткізілуіне МТС тарапынан да нашар басшылық жасалып отыр. Директор Кравцун жолдас және МТС мамандары мал шаруашылығын екінші қатардағы мәселе деп қарайды. Олар өздерінің жұмыстарын Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерге сай жүргізе алмай келеді. Фермаларда малды зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сай бағып күтпейінше, олардың саның және құнарлылығын арттыруға болмайтындығы түсінікті. Соған қарамастан зоотехниктер мен мал дәрігерлері ұйымдастырушылық роль атқара алмай, мал өсірушілерге нақтылы көмек көрсетпей келеді. Істің бұлай болуы олардың қабілетсіздіктерінен емес, өз міндеттеріне жауаптылықпен қарамайтындықтарынан деп түсіну керек. Бас зоотехник Р. Григорьева жолдастың мал шаруашылығына басшылығы тиісті дәрежеде емес.

МТС колхоздарында техника қуаты да орынды пайдаланылмай келе жатқандығын ерекше атап өту қажет. Бұған төрт шөп тұрағыш машинаның әлі күнге дейін босқа қарап тұрғандығын айтсақ та жеткілікті. МТС басшылары оларды тез арада іске қосуды ойламай жүр. Сталин атындағы колхозда дән уккіш пен шөп тұрағыш машиналар өнімсіз жұмыс істейді. Оларға арнаулы жұмыс адамдары тағайындалмаған. Мұнда азық буландырғыштың құрылысы салына бастағалы бір айдан астам уақыт өтсе де ол әлі бітер емес.

Кәзір күннің жылы және қардың жұқа кезінде жемшөпті мал қораларының жанына тасып алудың зор пайдасы бар. Алайда, МТС қамтуындағы колхоздарда жемшөпті, әсресе, егін алаңдарының сабан- топандарын жеткізіп алу ісі мейлінше баяу жүргізілуде. Сабанның жеткіліксіз жемшөп есебін толықтыра алатындығы мәлім. Осыған қарамастан мал азығының бұл түрін жыйнауға жете мән берілмей келеді. Осы күнге дейін мөлшерленген сабанның 39 проценті ғана тасылып алынған. Шөп және сабан тасуға бөлінген тракторлардың жұмысы өнімсіз. Шөп тасушылар күнделікті тапсырмаларын көбінесе орындамай жүр. Жемшөп тасу ісі Чкалов атындағы колхозда өтемете төзгісіз жағдайда. Колхоз председателі Климов жолдас бұл жұмысқа жете мән бермей, жайбарақаттыққа салынуда.

Аталған кемшіліктер МТС қамтуындағы колхоздарда қоғамдық мал күйінің төмендеуіне және құнарлылығының едәуір мөлшерде кемуіне себепші болып отыр.

Полудень МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал қыстату ісінде елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығы аудан басшыларына да белгілі. Бұл мәселе жөнінде арнаулы қаулы қабылданып, оның орындалуына бақылау жасау аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Мишкарёв жолдасқа тапсырылған болатын. Бірақ, ол жағдайды жақсарту жөнінде мардымды ештеңе істеген жоқ.

Қоғамдық малды қыстан күйлі, әрі шығынсыз алып шығуда мал азығының ұқыпты жұмсалуының шешуші маңызы бар. Өйткені, азық күнбе- күн нормаға сәйкестендіріліп әзірленсе, мал жүдемейді және құнарлылығы кемімейді. Олай болса, МТС және колхоз басшылары мал қыстатуда кездесіп отырған кемшіліктерді тез арада жоюдың батыл шараларын қолданып, жемшөпті үнемдеп жұмсау жолында шешуші күрес жүргізулері керек.

З. ҚАСКЕЕВ.

участоктерінде партия мен үкметтің қаулы- қарарларын орындауда іскер ұйымдастырушы болуларына жетісулері керек.

Дегенмен, шаруашылыққа партия басшылығын жақсартуда, жергілікті жерлерде істің орындалуын ұйымдастыруда және оны тексеруде көп аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары әлі де елеулі кемшіліктерге жол беріп отыр. Бұл кемшіліктер аудандарда жуықта болып өткен партия конференцияларында айырықша атап көрсетілді. Булаев, Ленин, Совет, Октябрь және басқа аудандарда партия конференциясының делегаттары аудандық партия комитеттерінің сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруда мардымды ештеңе істей алмай отырғандығын, әсресе, мал шаруашылығына нақтылы басшылық ете алмай келе жатқандығын, бұл жөнінде пленумдарда, бюро мәжілістерінде өздерінің қабылдаған қаулыларының орындалуын ұйымдастыра алмай отырған кемшіліктерін батыл сынға алды.

Соңғы бірнеше жыл бойы Булаев ауданының колхоздарында қой шаруашылығын өркендету мәселесі кешіргісіз артта қалып келеді. Аудандық партия комитеті бұл кемшілікті жою, қой шаруашылығын мықтап өркендету жөнінде осы жылдың апрель айында бір рет қаулы қабылдаған болса, соңғы айларда осы мәселе жөнінде тағы да бірнеше рет қаулылар қабылдады. Алайда, ауданда осы уақытқа дейін жағдай өзгерген жоқ, қой шаруашылығы бұрынғысынша артта қалып келеді. Өйткені, аудандық комитет бұл қаулылардың орындалуын ұйымдастырмады және тексерудің партия комитеттерінің секретарьларын, колхоздарға оның нұсқаушыларын бекіту жұмысы жүргізілді. Мұның өзі шаруашылыққа партия басшылығын жаңа талапқа сай жақсартуға толық мүмкіншілік туғызып отыр. Енді мәселе осы күшті дұрыс және тиімді пайдалана білуде. Секретарьлардың, нұсқаушылардың басқа участоктерге жіберілмей, белгіленген участоктерде жұмыс істеуі сөзсіз игі нәтиже береді, олардың істің жағдайын жете білуіне, нақтылы басшылық етулеріне мүмкіншілік туғызады.

Істің орындалуын тексеруде партия ұйымдары, оның басшылары еңбекшілер бұқарасына, комсомол, кәсіподақ, совет ұйымдарына, олардың активтеріне сүйенулері керек. Істің орындалуын тексеру— жаңды, творчестволық іс. Ол төрешілдікті, кеңсешілдікті көтермейді. Кемшіліктерді байқап, оның санын тіркеп отырумен іс бітпейді. Істің орындалуын тексеру және ұйымдастыру дегеніміз —кемшіліктерді жоюдың шараларын кезінде белгілеп, ол шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру деген сөз.

Бұл күндері облысымыздың еңбекшілері партияның XIX съезінің, ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің соңғы қаулыларын жүзеге асыру күресіне жұмыла кірісіп отыр. Бұл тарихи қарарлар мен қаулыларды мүлтіксіз жүзеге асыру үшін жергілікті жерлерде олардың орындалуын үнемі ұйымдастырып отыру ісін жақсарта беру қажет.

Өндіріс алаңын ұлғайтпастан өнімді көп беруде

Қазақстанның азық- түлік товарлары өнеркәсіп орындары шығарылған өнім мөлшерін өндіріс алаңын ұлғайтпастан арттыра түсуде. Республиканың азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрі М. Бутин КазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде мынаны хабарлады:

— Жамбыл ет комбинаты өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен үстіміздегі жылы ет өткен жылдағыдан 25 центнердей артық алынды. Бұған технологияны жақсарту, жабдықты неғұрлым тиімді пайдалану арқылы қол жетті. Комбинат сыйыр малын асып қойып өңдеу әдісі дейтінге көшті; тері сыпыру механикаландырылған, шикізатты тасымалдауға арналып шынжырлы элеватор орнатылды, тасқын линиялардың жұмысы жақсартылды.

Алматы ет комбинатының консерві цехының тәжрибесінің зор практикалық маңызы бар. Мұнда өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен алынған консерві өткен жылғымен салыстырғанда үш мың банк артты. Цех коллективі өндірісті жетілдіруде. Етті турау механикаландырылған, банкерді толтыру және порциялау, май мен тұздықтарды бөліп құю процестері жақсартылды. Банк сапасының жақсартылуы консервілерді автоклавтарда тазарту ұзақтығын бір сағаттай қысқартуға мүмкіндік берді.

Жаңашылдардың жабдықты неғұрлым жақсы пайдалануға бағытталған күш-жігері май мен сырды өндіріс алаңын ұлғайтпастан көп шығаруға да пайдасын тигізіп отыр. Павлодар облысының Шарбақты май заводы өткен жылы өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен 0,73 тонна май алды, үстіміздегі жылы 0,82 тонна май алуда, ал 1954 жылы әрбір шаршы метр алаңынан алынатын өнімді 1,10 тоннаға жеткізуді белгілеп отыр. Щучье, Развильное және республиканың басқа да кәсіпорындарының май және сыр өндірушілері жаңа табыстарға жетуде.

Екі рет өнім беретін картоп

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ғылым академиясының қазақ филиалы егіншілік институтының Алматыдағы овощь -картоп станциясы картоптың «2 рет өнім беретін алматылық» жаңа сортын шығарды. Ол июньде ерте жыйнау кезінде гектар сайын 270 центнерден өнім береді. Бұдан кейін осы жаңа жыйналған түйнек екінші рет отырғызылғанда одан күзде тағыда 150 центнерден өнім алуға болады.

Мұндай сорттың бағалылығы мынада: егістік жерге отырғызу үшін тұқым материалын жазға дейін сақтау қажеттігін жояды, ал бұл жағдай бұрын республиканың оңтүстігінде ауа райының ыссы болуы себебінен зор қыйыншылықтарға ұшырап келді.

Станция жаңа сортты мемлекеттік және өндірістік сыннан өткізуге тапсырды.

(КазТАГ).

Одақтар Үйінің Колонналы залына 2 мыңнан аса адам — кәсіпорындары мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілері, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, астананың қоғамдық ұйымдарының өкілдері жыйналды. Конактардың қатарында кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының Бас секретары Луи Сайян және кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының секретары Анри Журдэн бар.

Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Үшінші Конгресінің қорытындылары туралы КБОС-тың председателі, конгрестегі Совет делегациясының басшысы Н. М. Шверник жолдас баяндама жасады, жыйналғандар Шверник жолдасты жылы шыраймен қарсы алды.

Шверник жолдас кәсіподақтар Конгресі қабылдаған және жұмысшы табы мен оның кәсіподақтар ұйымдарының жауынгерлік программасы болып табылатын тарихи қарарларға толық тоқталды. Еңбекшілердің тұрмысы мен күресінің аса маңызды мәселелерінде, шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтары туралы, ССРО халықтарының достығы және пролетарлық интернационализм туралы, жаратылыс тақырыбы мен атеистік тақырыптарға лекциялар, исламның және феодалдық- байшылдық қалдықтардың реакцияшыл мәнін әшкерелейтін лекциялар аз ұйымдастырылады.

Мұның себебі, еңалдымен, қоғам мүшелерінің талапкерлігінің өте- мөте нашарлығы. Мынаны айтса да жеткілікті: Баяндама бойынша жарыссөзде Москваның Сталин атындағы автомобиль заводының завком председателі Грузинцев, М. И. Калинин атындағы жүн иіру фабрикасының жаңашыл бригадирі Котова, РСФСР-дың халық артисткасы Гиацинтова, шапшаңдатылған әдіспен жұмыс істейтін белгілі токарь Быков, жазушы Полевой, жеңіл және тамақ өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының облыстық комитетінің председателі Нефедова сөйледі.

Жыйналыста кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының Бас секретары Луи Сайян сөз сөйледі, жыйналғандар оны ду қолшапалақтан қарсы алды.

Москва кәсіподақ активінің жыйналысы кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Үшінші Конгресінің жұмысын қызу қуаттаған қарарды бірауыздан қабылдады.

(СОТА).

Сүт тапсырудың озаттары

Октябрь ауданының көптеген колхоздары мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі жоспарларын аброймен орындауда. Аудан мал өсірушілері СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп беру туралы нұсқауына іспен жауап бере отырып, елеулі табыстарға жетіп келеді. Мәселен, «Щит», «Путь Ильича», Степан Разин атындағы колхоздар жылдық сүт тапсыру жоспарын орындап шықты.

Мал күтімін жақсартпайынша оның өнімділігін арттыруға болмайтындығы белгілі. Мұны жете түсінген ауданғы қатарлы колхоздардың мал өсірушілері қоғамдық малды бағып, күтуде озат тәжрибе мен ғылым табыстарын шебер қолданулары арқасында еңбекте жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр. Мысалға «Щит» колхозын алайық. Бұл колхозда барлық мал сыяқты сауын сыйырлар жаз бойы құнарлы жайылымдарда бағылады. Ал, қыста малға азық дән уккіш, сабан тұрағыш және буландырғыш машиналармен әзірленіп беріледі. Соның нәтижесінде сауын сыйырлардың сүттілігі жаз айларындағыдан кемімейді. Сыйырдан мол сүт сауу жолында сауыншылар М. Бодня, Е. Плаксивая жолдастар еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Олар әрбір сауын сыйырдан 2200 литр сүт алуға жетісті. Колхоз малшыларының қажырлы еңбегі арқасында мұнда сүт тапсыру жоспары 105 процент орындалды.

Ауданның мемлекетке сүт тапсыру жоспарын орындаған колхоздары кәзіргі уақытта сүтті мемлекеттік сатып алу орындарына өткізуде. Көптеген колхоздар 150 центнерден 500 центнерге дейін сүт сатып, колхоз кассасына мыңдаған сом ақшалай табыс еңгізді.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

Саяси және ғылми білімдерді насихаттау жоғары дәрежеге көтерілсін

Қазақ ССР-нің саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының III съезі

14—15 декабрьде Алматыда Қазақ ССР-нің саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының үшінші съезі болды. Съездің делегаттары қоғам басқармасының председателі —республиканың Ғылым академиясының президенті Д. А. Қонаевтың баяндамасын тыңдап, талқылады.

Саяси және ғылми білімдер таратын республикалық қоғам екі съездің арасындағы уақыттың ішінде сан жағынан өсіп, ұйымдық жағынан нығайды. Оның қатарында 12 мыңға жуық ғалым, партия және совет қызметкерлері, мәдениеттің әртүрлі салаларының өкілдері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңашылдары бар. Республикада қоғамның 150-ден астам облыстық, қалалық және аудандық бөлімдері, 75 аудандық өкілі, 730-дан астам лекториі бар. Быйылғы жылы ғылымның, экономиканың және мәдениеттің өте маңызды салалары бойынша 30.500-дей лекция оқылды. Лекциялардың идеялық -саяси дәрежесі артты. Көпшілікке арналған лекциялардың саны көбейді.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеушілер саяси және ғылми білімдер таратын республикалық қоғамның жұмысы коммунистік құрылыстың міндеттерінен, халықтың өсіп отырған руханы тілектерінен әлі де болса артта қалып келе жатқандығын атап көрсетті. Маркстік- лениндік теорияның аса маңызды мәселелері жөнінде, шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтары туралы, ССРО халықтарының достығы және пролетарлық интернационализм туралы, жаратылыс тақырыбы мен атеистік тақырыптарға лекциялар, исламның және феодалдық- байшылдық қалдықтардың реакцияшыл мәнін әшкерелейтін лекциялар аз ұйымдастырылады.

Мұның себебі, еңалдымен, қоғам мүшелерінің талапкерлігінің өте- мөте нашарлығы. Мынаны айтса да жеткілікті: қоғамның 12 мың дерлік мүшесінен быйыл 9 ай ішінде лекциялық насихатқа бар болғаны 4465 мүше қатынасты. Әсресе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау облыстарында лекциялық насихаттың жайы нашар.

Мысалы, Қостанай облысының Пресногорьков, және Обаған аудандарында қоғамның бар болғаны 8—9 мүшесі бар. Бірақ, бұлардың өздері де лекция оқымайды. Бұл облыстарда бөлімдердің басқармалары лекциялардың тематикасын аудандардың экономикасы мен мәдениетіне, халықтың тілегіне сәйкестеп жоспарламайды. Қостанай облысында педагогика тақырыптарына небары 50 шақты лекция оқылды, ал, бұл облыста 800-ден астам мектеп жұмыс істейді. Облыстық бөлім быйылғы жылы көпшілікке арнап бірдебір лекция өткізген жоқ, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе және Гурьев облыстарында бүкіл лекциялық жұмыс расында тек қана қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жүргізіледі.

Съездің делегаттары көптеген лекцияларда еңәуір кемшіліктер мен қателіктер бар екендігін айтты. Теорияны оқып, үйренуде марксизм- ленинизмнің рухына жат жаттаушылық, догмалық көзқарас әлі жойылған жоқ. Лекциялар көбінесе күрделі тұжырымдарға, цитаталарға толы болады, жұртқа ұғымды, түсінікті болмайды, тұрмыспен байланысты емес.

—Мұның себебі —не ол, не бұл коллективтің жұмыс істеп жатқан нақтылы жағдайын білмегендік, —деді Алматының ауыр машина жасау заводының инженері Алексеев жолдас. —Көп лекторлар кәсіпорынға келіп, тыңдаушылардың тілектері, ол кәсіпорынның міндеттері қандай екендігін мүлдем түсінбейді. Осының салдарынан лекция не тым ауыр болады, не болмаса мұның керісінше, практикамен байланысы жоқ болады.

Қоғамның бірқатар бөлімдерінде лекциялық жұмыстың көпшілік бөлегі даярлығы аз мамандарға жүктелген. Тіпті Алматының өзінде көп ғалымдар лекциялық насихатқа қатынаспайды.

Қоғамның басшы органдары лектор кадрларды іріктеп алу ісімен үстірт шұғылданады, олардың мамандығын арттыруға қамқорлығы кем. Кейде лекциялардың текстерін объективтік және творчестволық түрде талқылаудың орнына, оларды формальді түрде мақұлдай салады.

—Бізге республикалық басқарманың жолдамалары бойынша келетін қоғам мүшелерінің тобы, —деді Қарағанды облыстық бөлімі басқармасының жауапты секретары Әлиев жолдас, —бір күнде бір-екі лекция оқумен қанағаттанбай, қайта үш-төрт лекция ұйымдастыруды талап етеді. Ал, секциялардың жұмысын жолға қою, лекцияларға рецензия беру жөніндегі практикалық жұмыстан олар қандай да болса сыытау айтып, бас тартады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы саяси және ғылми білімдер таратын қоғамның ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудегі ролін белгілеп берді. Қоғам колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде ауыл шаруашылығы жөнінде лекциялық насихатты жақсартуға тиіс, бұл іске ғалымдарды, мамандарды және озаттарды қатынастырып отыруға тиіс.

Республикалық қоғамның бұл міндеттерді орындауы мүлдем қанағаттанғысыз. Ол өзінің жұмысын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының талаптарына сәйкес қайта құра білмеді. Ауылшаруашылық білімдерді насихаттау қоғам жұмысының ең нашар участогі болып келеді. Быйылғы жылғы 9 айдың ішінде ауылшаруашылық тақырыптарына мыңнан астам ғана лекция оқылды, бұл осы уақыттың ішінде оқылған барлық лекциялардың 25 -тен бір бөлегі.

Республикалық қоғам Пленумының материалдарын насихаттау жөніндегі өзінің міндеттерін дұрыс түсінбеді, ол осы тарихи документтер жөнінде жалпы лекциялар ғана ұйымдастырған. Қоғам Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетудің нақтылы мәселелері жөнінде лекциялар әзірлеумен шұғылданбай отыр. Әсресе, озат тәжрибені насихаттау ісі нашар. Озаттардың еңбек ету тәсілдері мен әдістері қорытылмайды және насихатталмайды.

—МТС-тер мен ММШС директорларының республикалық кеңесінде, — деді ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Удольская жолдас, —Москва облысының, Луховицкий ауданындағы Сталин атындағы озат колхоздың председателі, Социалистік Еңбек Ері Генералов жолдас сөз сөйледі. Ол Алматының Мичурин атындағы және «Луч Востока» колхоздарында өнеге аларлық, көз тартарлық көп нәрсе көргендігін атап көрсетті. Бірақ, қоғам осы колхоздардың председательдері Манько және Дидковский жолдастардың лекцияларын неге ұйымдастырмайды? Біз Генералов жолдастың көргенін неге байқамадық және неге пайдаланбадық?

Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют асыл тұқымды мал совхозы сүт малының өнімділігін арттыруда тамаша нәтижелерге жетті. Қазақстанмен көршілес облыстардан және РСФСР-дан мал өсірушілердің экскурсиялары келеді. Ал, қоғамның Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімі екі жыл ішінде шаруашылықтың тәжрибесі туралы бірде- бір лекция әзірлеген жоқ.

Съезд Қазақ ССР-нің саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының жұмысындағы елеулі кемшіліктер басқарма және оның президиумы тарапынан облыстық бөлімдерге нашар басшылық жасалатындығында, оларға практикалық көмек аз көрсетілетіндігінде, өз қарарларының орындалуына қажетті бақылау тағайындамағандығында екенін атап көрсетті.

Жарыссөзге 25 адам қатысты.

Съезде Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Сужиков жолдас сөз сөйледі. Ол саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғамның бұдан былайғы міндеттеріне толық тоқталып, идеологиялық жұмыстың бұл маңызды участогіне басшылық жасау жөнінде жергілікті партия комитеттерінің ролін күшейту қажеттігін атап көрсетті.

Съезд саяси және ғылми білімдер тарату жөнінде республикалық қоғамның жұмысын негізінен жақсартуға бағытталған қарар қабылдады.

Қоғам басқармасының жаңа құрамы және бүкілодақтық съезге делегаттар сайланды.

(ҚазТАГ).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия насихаты—идеологиялық жұмыстың негізгі арқауы

ҚКП облыстық комитетінің VII пленумы

15 декабрьде болған облыстық партия комитетінің VII пленумы СОКП Орталық Комитетінің және Қазақстан КП Орталық Комитетінің «Партия оқуының жаңа оқу жылындағы міндеттері туралы» қаулыларының орындалуы барысы жөнінде мәселе талқылады.

Баяндамашы —Қазақстан КП облыстық комитетінің секретары Г. Лосев жолдас облыс партия ұйымындағы партия оқуының жайына толық талдау жасады. Партиямыздың нұсқауларын орындай отырып, облыс партия ұйымы коммунистер мен партияда жоқ кадрлардың саяси оқуын ұйымдастыруда бірқатар жұмыстар істеді. Үстіміздегі оқу жылында партия оқуының жүйесіне облыс партия ұйымы құрамының 94 проценті, 4 мыңнан астам комсомолдықтар мен партияда жоқ жолдастар қамтылды. 2449 коммунист өздерінің жалпы білімдерін арттыруда.

Өткен жылға қарағанда партия оқуының жоғарғы бұындарында оқыйтын коммунистердің саны көбейді. Аудандық кешкі партия мектептерінде бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, колхоз председательдері, ферма меңгерушілері мен бригадирлер көптеп оқыйтын болды. Партия ұйымдары саяси мектептер мен үйірме жетекшілерін іріктеп алу және тәрбиелеу жұмысын біраз жақсартты. Жоғары және ортадан жоғары білімі бар насихатшылардың арасалмағы өсті. Осының негізінде партия оқуының идеялық -теориялық дәрежесі едәуір жақсара түсті.

Дегенмен, коммунистер мен партияда жоқ кадрлардың саяси оқуын ұйымдастыруда әлі де елеулі кемшіліктер бар. Қалада, Совет, Ленин және басқа бірқатар аудандарда кейбір саяси мектептер мен үйірмелерде сабақтың идеялық дәрежесі төмен болып келеді. Сабақта теориялық қағидалар кейде тарихи нақты жағдаймен, партия ұйымдарының практикалық міндеттерімен байланыстырылмайды.

Сабақтың кезінде өтпеуі себепті бірқатар үйірмелер мен саяси мектептер оқу жоспарын орындай алмай келеді. Қалалық партия комитеті марксизм- ленинизм кешкі университетінің жұмысына жете көңіл бөлмейді. Соның салдарынан университетте тыңдаушылардың сабаққа қатысуы, емтихан тапсыруы мүлдем нашар. Кейбір оқытушылар тыңдаушылардың тілегін қанағаттандырмайды.

Насихатшы —партия оқуындағы негізгі тұлға. Алайда, қалалық, аудандық партия комитеттері үйірмелер мен саяси мектептер жетекшілерінің теориялық, методикалық білімдерін үнемі арттырып отыру ісімен жете шұғылданбайды. Жаңа оқу жылы басталғалы аудандарда насихатшылардың семинары небары бір-ақ рет өтті.

Преснов ауданы, Молотов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Давыдов жолдас партия ұйымының коммунистердің оқуын ұйымдастыру жөніндегі тәжрибесін ортаға салды. Біз, деді ол, партия оқуы орындарындағы жаңа оқу жылына әзірлікті күнілгері жүргіздік. Біздің колхозда партия оқуы жүйесінде 28 коммунист, 18 комсомолец, партияда жоқ бірнеше активтер оқыйды. Үйірмелерде сабақ белгіленген күндері, тыңдаушылардың толық қатысуымен өтіп келеді. Насихатшылар құрамы жоғары және орта дәрежелі білімдері бар коммунистер есебінен толықтырылды. Жаңа оқу жылы басталғалы партия жыйналысында партия оқуының жайы жөнінде екі рет мәселе талқыланды, насихатшылардың есебі тыңдалды.

Үйірмелердің жетекшілері мен тыңдаушылары программалық материалдарды колхоз өндірісінің практикалық мәселелерімен байланыстыру үшін колхоз басқармасы және партия ұйымымен тығыз байланыс жасап отырады.

Коммунистер мен партияда жоқ активтердің саяси білімдерінің артуы колхоз өндірісін ойдағыдай ұйымдастыруға мүмкіндік жасап отыр. Өткен жылы колхоздың жылдық табысы небары 550 мың сом ғана болса, быйыл ол миллионерлердің қатарына қосылды. Колхозшылардың еңбекүндеріне көп астық және ақша берілді.

Айта кету қажет, коммунистердің саяси оқуын ұйымдастыруда қыйыншылықтар да кездеспей отырған жоқ. Саяси мектептің тыңдаушылары селолық жерлерде арнаулы оқулықтардың болмауы себепті тек газет, журнал материалдарын ғана пайдалануға мәжбүр болып жүр. Партия ұйымдары мен сауда орындары селолық жерлерде оқулықтардың көптеп сатылуына жетісуге тиіс.

— Коммунистік құрылыстың міндеттері, —деді Социалистік Еңбек Ері, комбайншы Пономарев жолдас, —бізден саяси және жалпы білімімізді арттыра беруді талап етеді. Алайда, кейбір партия ұйымдары кадрлардың саяси білім алуына немкетті қарап келеді. Мен өткен жылы кешкі мектепте үшінші класта оқыдым. Бірақ, не пайда, оқу жылы аяғында кластан класқа көшіру жөнінде менен ешкім сынақ алмады. Быйыл Интернационал МТС-нің партия ұйымы менің партия оқуы жүйесінде, немесе жалпы білім беретін мектепте оқуыма қамқорлық жасамай, ұмыт қалдырды. МТС директоры Горохов жолдас СОКП тарихын үйренетін үйірмеге насихатшы болып белгіленді. Бірақ, ол түрлі себептерді бетке көре алмай жүрміз. Өйткені, облыстық комитеттің ауыл шаруашылығы бөлімінен келген нұсқаушылар мәліметтер жыйнаумен шұғылданса, партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінен келген нұсқаушылар тек шағымдар мен арыздарды тексерумен, бюро мәжілісі мен пленумдарға материалдар әзірлеумен тынады. Ал, облыстық комитеттің бөлім меңгерушілерін ауданда тек шаруашылық наукандардың кезінде ғана көреміз. Партия насихатымен шұғылдану—облыстық партия комитетінің нұсқаушыларының, бөлім меңгерушілерінің, секретарьларының тел ісі.

—Партия насихатында қол жеткен біраз табыстарымыз,— деді Соколов аудандық партия комитетінің секретары Брикунов жолдас, —бұл істегі кемшіліктеріміздің бетін бүркемелеуге тиіс емес. Кіноні мойындау керек. Аудандық партия комитетінің қызметкерлері жергілікті жерлерде болғанда партия насихатының жайымен терең танысын, саяси мектептер мен үйірмелердің жетекшілеріне қажетті көмек көрсетпейді. Идеологиялық жұмыс, оның өзегі—партия насихатымен партия ұйымдарының күнбе-күн шұғылданатын уақыты жетті. Брикунов жолдас аудан партия ұйымына партия насихатын ұйымдастыру жөнінде жеткіліксіз көмек жасап отырғаны үшін облыстық партия комитетінің лекторлар тобын, оның жетекшісі Петров жолдасты сынға алды.

ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Белетченко жолдас пленумға қатысушылардың назарын комсомолдың саяси оқуы жүйесіне партия басшылығын жақсартудың қажеттігіне аударды. Ол көп жерлерде комсомолдың саяси оқуы жүйесіндегі үйірмелердің сабағы кезінде өтпеуі, идеялық дәрежесінің төмен болуы жөнінде мысалдар келтірді. Комсомолдың саяси оқуы жүйесіне одақта жоқ жастардың қамтылуы мүлдем қанағаттанғысыз. Мысалы, Приешім ауданында комсомол оқуы жүйесінде 24 бастауыш үйірмелер жұмыс істейді. Оларда небары одақта жоқ жастардан 21 адам ғана оқып жүр. Комсомол оқуы жүйесіндегі насихатшылардың жалпы және методикалық білімдерін арттыру жөнінде көп жұмыс істеуіміз керек. Октябрь, Конюхов аудандарында селолық кешкі мектептерде жастар өте аз оқыйды, мұның үстіне олардың сабаққа қатысуы 60—70 проценттен аспайды. Қаладағы жағдай да дәл осындай. Оқу жылының алғашқы үш айында қаланың кешкі мектептерінен 50-деп астам жастар оқудан қол үзді.

Мұның басты себебі мынада: кейбір кәсіпорнының басшылары, әсресе, тігін фабрикасы мен Киров атындағы заводтың басшылары жастардың оқуына қажетті

Үлгілі жұмыс істегені үшін Петропавл телеграфының бодисткасы Зоя Усольцеваға құрмет грамотасы және ақшадай сыйлық берілді.

СУРЕТТЕ: **З. Усольцева** жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Оқытушылар үйінде

Бүкіл еліміздегі сыяқты қаламыздағы мәдени- ағарту мекемелері мен завод, фабрикаларда Украинаның Россияға қайта қосылуына 300 жыл толуына байланысты мерекелі күнге әзірлік жүргізіле бастады.

Оқытушылар үйінің қызметкерлері орыс және украин халықтарының достығын баяндайтын фотомонтаж бен кітап көрмелерін ұйымдастыруда. Мұнда «Совет халықтарының достығы туралы» деген тақырыпта лекция оқуға даярлық жүргізілуде.

Жуырда мұнда оқытушылардың семинары болып өтті. Онда қала шетіндегі жерлерге орналасқан мектеп оқушылары мен оқытушыларын лекциямен толық қамту үшін лекторларды тікелей сол мектептерге жіберу қарастырылды.

Кәзіргі уақытта облыстың мектеп оқушылары арасында Украинаның Россияға қайта қосылуына 300 жыл толуына байланысты тақырыпқа арналған әңгімелер өткізілуде.

Колхозшылар астық сатуда

Ленин ауданының колхозшылары артық астықтарын мемлекетке сатуда. «Красный сибиряк» ауылшаруашылық артелінің мүшесі Иван Новицкий жолдас мемлекеттік дайындау орындарына 150 пұт астық сатып, мыңдаған сом ақша алды. «Тропинка Ильича» колхозының мүшесі Манаков, «30 жылдық Қазақстан» колхозының мүшесі Мақымов, «Орталық» колхозының мүшесі

Американың Францияға жаңа қысымы

Даллестің Париждағы баспасөз конференциясында жасаған мәлімдемесі

ФРАНЦУЗ ЖҰТШЫЛЫҒЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

ПАРИЖ, 15 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі кеше АҚШ мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллес Парижда баспасөз конференциясын шақырып, оған 300 журналист қатысты деп хабарлады. Агенттіктің хабарынан көрінгендей, баспасөз конференциясының мақсаты —Францияға жаңа қысым жасау, сөйтіп, оған «европалық армия» дейтін туралы және Батыс Германияны қаруландыру туралы договорды бекіттіру болған көрінеді.

Франс Преснің хабарлауынша, «Құрама Штаттар, —деп мәлімдеген Даллес, —европалық қорғаныс бірлестігі тағаудағы уақытта нақты іске айналады деп шын ниетімен ұмыттенеді, ал, былай болмаған күнде Құрама Штаттар, өзінің кәзіргі саясатын қайғылы түрде және негізінен қайта қарауға мәжбүр болар еді».

Мұнымен қатар Даллестің Индо- Қытайдағы соғысты оңай әрі жүргізуді талап еткендігі агенттіктің хабарынан айқын көрінеді. Франс Преснің хабарына қарағанда, «Даллес былай деп түсіндірген: тіпті Франция европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорды бекітпеген күнде Құрама Штаттар 1954 жылдың ішінде Индо-Қытай үшін қаралған көмекті оған беріп отырады.

ПАРИЖ, 15 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі былай деп хабарлайды: «Америка мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллестің баспасөз конференциясында жасаған мәлімдемесі француз топтарында француздың жұртшылық пікіріне қысым жасауға әрекеттенгендік болды деген әсер туды. Осы топтарда сонымен қатар былай деп көрсетті: егер европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор алты айдың ішінде бекітілмеген күнде, Америка Европаға беретін көмегінің тең жартысын автоматтық түрде азайтады деп Даллес ашық қыр көрсеткен.

Бұл топтар Даллестің осы жасаған мәлімдемесі Франция президентінің сайлауына әсерін тигізуі мүмкін екенін жасырмай отыр. Бұл мәлімдеменің европалық қорғаныс бірлестігіне қарсы шығып отырған парламент мүшелерінің европалық саясатқа (яғный «европалық бірлестік» дейтінге—**ред**) өзі дұшпандықпен қарайтын кандидат үшін ғана дауыс беруге ұмтылған талабын күшейтуге мүмкін».

ПАРИЖ, 15 декабрь. (СОТА). Бүгін таңертеңгі газеттер Даллестің кеше баспасөз конференциясында Париж договорын бекітуді талап еткен сөзінің өте өрескел болғандығын көрсетуде. Газеттердің көпшілігі бұл өрескел талапқа және Даллестің сөзінде Францияның атына жасалған қыр көрсетуге қарсы ашу- ыза білдірген.

Француз республикасының президентін сайлау

ПАРИЖ, 17 декабрь. (СОТА). Бүгін Версаль сарайында француз парламентінің екі палатасының біріккен мәжілісі ашылды, бұл мәжілісте өкілдік мерзімі біткен француз республикасының президенті Венсан Ориольдің (социалист) орнына жаңа президент сайлануға тиіс.

Кәзіргі уақытта төмендегі саяси қайраткерлердің өздерін республика президенттігіне кандидат етіп ұсынғандығы мәлім: Марсель Кашен (коммунист), Нежлен (социалист), Дельбос (радикал), Медесен (радикалға қосылады), Ланель («тәуелсіз республикашыл»), Фуркад («тәуелсіз республикашыл»), Жорж Бидо («халықтық республикалық қозғалыс» МРП) және Поль Кальб («әлеуметтік қозғалыстың республикалық одағы»). Бұл кандидатуралар бірінші турда дауысқа түсетін болады. Бірақ, бірінші турда президент сайланбайтын болса, жаңа кандидатуралардың ұсынылуы ғажап емес.

Дауыс беруге қатысқан парламент мүшелерінің жартысынан астамының дауысына ие болған, яғный басым көпшілік дауыс алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Басым көпшілік дауыс алу үшін 475 дауыс керек (дауыс беруге 947 адам — ұлттық жыйналыстың 627 депутаты және республика Советінің 320 мүшесі қатысады). Дауыс беру жасырын жүргізіледі. Кандидатуралар талқыланбайды.

ПАРИЖ, 17 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Версальдан берген хабарына қарағанда, республика президентін сайлауда дауыс берудің бірінші турының нәтижесі жарияланған.

Дауыс беруге 932 адам қатысқан; 928 бюллетень дұрыс деп танылған, сөйтіп, басым көпшілік 465 дауыс болады.

Марсель Нежлен (социалист) 160 дауысқа ие болды, Жозеф Ланьель («тәуелсіз республикашыл») — 155, Жорж Бидо (МРП)—131, Ивон Дельбос (радикал- социалист) —129, Поль Кальб («әлеуметтік қозғалыстың республикалық одағы») —114, Марсель Кашен (коммунист)—113, Жак Фуркад («тәуелсіз республикашыл») —62, Жан Медесен (радикалға қосылады) —54, басқа кандидаттар —10 дауысқа ие болды. Сөйтіп, бірде- бір кандидат қажетті басым көпшілік дауыс ала алмады. Дауыс берудің екінші туры Москва уақыты бойынша 22 сағат 30 минутта басталады.

«БЕРЛИННІҢ ҚҰЛАУЫ» АТТЫ СОВЕТ ФИЛЬМІНІҢ БЕЙРУТТЕГІ ТАБЫСЫ

БЕЙРУТ, 16 декабрь. (СОТА). Бейруттың ең жақсы кинотеатрларының бі-

Фильм көрсетілген кезде кинотеатрдың залында уәликсіз

Партия ұйымдары әлі де болса теорияны өздігінен үйренетін коммунистермен жұмысты жеткіліксіз жүргізуде. Олар үшін лекциялар аз оқылады. Петропавл, Октябрь аудандарында партия -шаруашылық активінің семинар сабақтары бір-ақ рет өтті. Осы сыяқты, көп жерлерде партия ұйымдары комсомолдың саяси оқуы жүйесіне де басшылық дәрежесін төмендетіп алды.

Лосев жолдас баяндамасының соңында партия оқуынын жайын жақсарту жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Баяндама бойынша қызу жарыс сөз басталды.

ҚКП қалалық комитетінің секретары Попов жолдас өзінің сөзін партия оқуының сапасын онан әрі арттыра беру мәселесіне арнады. Қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде, деді ол, бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында партия оқуынын жайы жөніндегі мәселелер жиі талқыланып, оның мазмұнына ерекше назар аударылатын болды. Қалада партия оқуының идеялық мазмұнының жоғары болуын қамтамасыз етіп жүрген насихатшылар көптеп саналады. Олардың қатарына Борисов, Неделько, Зинченко сыяқты жолдастарды қосуға болады. Бұл насихатшылардың тәжрибелерін жалпының игілігіне айналдыру басты міндеттеріміздің бірі болып отыр.

Мұнан кейін Попов жолдас кейбір насихатшылардың сабаққа даярлықсыз келіп, оны үстірт өткізетіні туралы фактілерге тоқталды. СОКП тарихын үйренетін үйір менің насихатшысы Завьялов, деді Попов жолдас, сабақты мұнан екі-үш жыл бұрын жазылған конспектілер бойынша өткізіп, коммунистерге саяси білім беру ісіне немкетті қарады. Қалалық партия комитеті партия оқуының барлық буындарында сабақтың сапасы жоғары болу үшін насихатшы кадрларды тәрбиелеу ісін, партия насихатына басшылық пен бақылауды жақсарта береді.

ҚКП Полудень аудандық комитетінін секретары Камалетдинов жолдас аудан партия ұйымындағы партия оқуының жайын баяндай келіп, ҚКП облыстық партия комитетінің партия насихатына басшылығын сынады. Партия оқуын ұйымдастыруда орын алып отырған кемшіліктерге, деді шешен, облыстық партия комитеті, оның насихат және үгіт бөлімі де кінәлі екенін айтпай кетуге болмайды. Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінде ұзақ уақыт қызметкерлер болмады. Осыған қарағанда облыстық комитеттің тиісті бөлімі, оның меңгерушісі Рымжанов жолдас біздің ауданға ерекше назар аударуға тиіс еді. Алайда, облыстық комитеттің бұл бөлімінің қызметкерлері аудандық партия комитетінін штаттағы насихатшы қызметіне ұсынған адамның бекітілуін ұзаққа созды.

Мен Полудень ауданында қызмет істегелі үш жыл болды. Осы уақыттың ішінде облыстық партия комитетінің секретарьлары Бобров, Ниязбеков, Лосев жолдастардың аудандық комитеттің бірінші секретары менен партия оқуы жөнінде қатаң талап қойып, тым болмаса телефон арқылы сұрағанын білмеймін. Аудандық партия комитеттері секретарьларының шаруашылық жұмысы ғана емес, сондай-ақ идеологиялық жұмысқа, партия насихатына жауапкершіліктерін арттыру қажет.

ҚКП Конюхов аудандық комитетінің секретары Қаскеев жолдас өзінің сөзінде партия оқуының жайымен барлық партия қызметкерлерінің шұғылдануы қажет екендігіне тоқталды. Әдетте, —деді ол,— облыстық партия комитетінің нұсқаушылары аудандарда жиі болады. Бірақ, олардың бұл келіп кетуінен партия оқуының жайын жақсарту жөнінде қажетті көмек

- Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Щербаков жолдас партия ұйымдарының оқытушы кадрларға маркстік- лениндік тәрбие беруге жете назар аударуының қажеттігіне тоқталды.

Пленумда облыстық «Ленинское знамя» мен «Ленин туы» газеттерінің редакциялары қатты сыналды. Газеттердің беттерінде, деді сөйлеушілер, партия оқуы туралы және теориялық тақырыптарға байланысты материалдар аз жарияланады. Насихатшылардың, консультанттардың жұмыс тәжрибелері жөнінде жарияланған мақалалар да тіпті аз.

—Облыстық және қалалық партия комитеттерінің пленумдарында облыстық газеттер редакцияларының жұмысы әркашан сынға алынып келеді, —деді темір жол бөлімшесінін саясаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас. —Алайда, аталған газеттердің редакциялары партия жұртшылығының орынды талабынан әлі де болса тиісті қорытынды шығармай отыр. Облыстық партия комитеті өзінің баспасөз органдарына талапты күшейтуі керек.

Сол сыяқты, пленумда облыс партия ұйымында коммунистердің есебі мен партия шаруашылығын жүргізуді жақсарту шаралары туралы мәселе талқыланды. Бұл мәселе жөнінде ҚКП облыстық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі Малявин жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеуші жолдастар кейбір партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарында коммунистердің есебін, партия шаруашылығын жүргізуде орын алып келген елеулі кемшіліктердің бетін ашып, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Пленум қаралған мәселелер жөнінде тиісті қаулы алды.

Село комсомолецтерінің белсенділігі

Преснов ауданының комсомолецтері мен жастары партиямыздың шақыруына үн қосып, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету күресіне белсене қатысуда. Колхоз, совхоз және МТС комсомол ұйымдарының жыйналыстарында ауыл шаруашылығы өндірісінің өзекті мәселелері жиі талқыланатын болды.

Мәселен, құрамында 98 мүшесі бар Приешім совхозы комсомол ұйымы совхоз өндірісін өркендетуде шешуші күш болып отыр. Мұнда 26 комсомолец тракторшы, комбайншы, 20 комсомолец мал шаруашылығында шопан, сауыншы, мал дәрігері, зоотехник болып істейді.

Осы сыяқты, Молотов атындағы колхоздың комсомолецтері өндірісте қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде. Сонымен қабат, олар селодағы саяси және мәдениагарту жұмыстарына белсене қатысады.

И. ЗАГУЛЯЕВ,

Преснов аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

Деревнядағы саяси жұмыс

Біздің колхозда үгіт коллективі жыл бойына жұмыс істеп келеді. Оның құрамын колынан іс келетін, білімді, тәжрибелі адамдармен толықтырып отырамыз. Қазір колхозда 20 үгітші бар. Олардың көпшілігі коммунистер мен комсомолецтер.

И. Ночевной, Т. Шербинина және Н. Назаров жолдастар сыяқты үгітші коммунистер жалынды сөзімен де, қажырлы еңбегімен де колхозшыларға үлгі көрсетіп, оларды мал қыстату жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға жігерлендіріп отырады. Қазір олар әртүрлі тақырыпта колхозшылар арасында, мал фермалары мен бригадаларда бірнеше рет сентябрь Пленумының қаулысы жөнінде әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасады.

Әсресе, И. Ночевной жолдас Хрущев жолдастың баяндамасының «Ауыл шаруашылығының жайы және ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау міндеті» деген бөлімі жөніндегі әңгімесін әсерлі өткізді. Үгітші Пленум қаулысын колхоздың экономикасымен, колхозшылардың әл-ауқаты және мәдени тұрмысымен байланыстырды. Мұнымен бірге, ол колхоз өндірісіндегі елеулі кемшіліктерді де атап өтті.

Колхозды деревнядағы жүргізілген әсерлі үгіт өзінің игі нәтижесін беруде. Колхоз мал қыстатуға үлгілі әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуде. Келесі жылдың егісі үшін тұқым қоры толық тазаланып, қамбаларға құйылды.

Біздің колхоз астық тапсыру, тұқым күю және мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарын аудан бойынша бірінші болып орындап, ҚКП аудандық комитеті мен аудандық Совет атқомінін Ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

Колхоздың алдында малды қыстан қонды шығару, көктем егісіне үлгілі әзірлену сыяқты күрделі міндеттер тұр. Үгітшілер тобы, әдеттегідей, колхозшылар арасында Пленум қаулысын насихаттау арқылы бұл міндеттерді орындауға колхозшылар бұқарасын жұмылдыра береді.

М. ЧАИНИКОВ,

Октябрь ауданы, «Щит» колхозының үгіт коллективінің жетекшісі.

дау орындарына жүздеген пұт астық сатты. Аудан колхозшылары бес күн ішінде мемлекетке 250 центнерден астам астық сатып, көп кіріс алды.

Колхозшылар өздерінің артық астықтарын мемлекеттік дайындау орындарына сатудан алған ақшаларына магазиндерден қажетті заттарын сатып алуда. Мәселен, «Красный сибиряк» ауылшаруашылық артелінің мүшелері соңғы күндерде 8 велосипед сатып алды.

Қ. УӘЛИЕВ.

Артель спортшылары

Қаладағы «Галантерейщик» артелінде жуырда дойбы ойірмесі ұйымдастырылған болатын. Көзір ойірме мүшелерінен 12 адам дойбы ойынының турнир жарысына қатысуда. Бұл жарыста мүмкіншілігі бар 12 ұтыстан 9 ұтысқа ие болған Самойленко мен 8 ұтыс алған Бабаков жолдастар алда келеді.

Артель спортшылары өткен жылғы қысқы спорт ойындарында «Спартак» ерікті спорт қоғамы бойынша өткізілген жарыста озып шығып, Ауыспалы Қызыл Туға ие болған-ды. Көзір артель жастары сатып алынған шаңғы, конькилермен жаттығулар өткізіп, жуырда басталатын жарысқа қатысуға әзірленуде.

М. УШАКОВ.

Балалар кітапханасында

Смирнов селосындағы балалар кітапханасы үлгілі кітапханалардың бірінен саналады. Бұл кітапханада балаларға арналған мыңнан астам кітаптар жыйналған. Ол кітаптардың ішінде орыстың ұлы ақын- жазушылары Пушкин, Лермонтов, Толстойдың балаларға арнаған шығармалары, совет ақын-жазушыларының кітаптары, сол сыяқты, туысқан республикалар ақын- жазушыларының балаларға арнаған шығармалары бар.

Қазір балалар кітапханасының кітап оқушылар саны 300-ден асады. Мұнда ай сайын кітап оқушылар конференциясы өткізіліп тұрады.

Қ. ӘБДІЛХАЛЫҚОВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

«МЫРЗАХМЕТОВ КОЛХОЗ АТЫН НЕГЕ ТӨЛЕМЕЙДІ»

Газетіміздің 1953 жылғы 1 ноябрьдегі санында осы тақырыпты мақала жарияланған болатын. Онда Ленин аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Ж. Мырзахметов жолдастың жауапсыздығынан Калинин атындағы колхоздың аты өлгендігі, бірақ, Мырзахметовтың аттың құнын осы күнге дейін төлемей жүргендігі айтылған еді.

Ленин аудандық партия комитетінің секретары Б. Сәрсенбаев жолдас редакцияға, мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды, колхозшылардың жалпы жыйналысының қаулысы бойынша Мырзахметов колхоз атының құнын толық төледі, деп хабарлады.

рі «Дуньяда» «Берлиннің қулауы» атты совет фильмі көрсетіле бастады.

Советтік фильм Ливан жұртшылығы арасында аса зор табысқа ие болуда. Барлық билеттер үш күн бұрын сатылып қойған.

болып тұрды. Көрушілер «Совет Одағы жасасын! Дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!» деген ұрандар тастады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫНЫҢ

(1952 жылы шығарылған)

ЕКІНШІ ҰТЫС ТИРАЖЫ

Тираж 1953 жылғы 6 декабрьде, Ставрополь қаласында өткізілді.

Заемның барлық разрядтарындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыс шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есеб.мен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
120048	34*)	1.000	124988	1—50	200	130057	1—50	200	135091	40*)	1.000
120064	50*)	1.000	125543	1—50	500	130207	1—50	500	135310	37*)	1.000
120076	1—50	200	125563	11*)	1000	130248	1—50	200	135346	32*)	1.000
120093	31*)	1.000	125754	12*)	1.000	130305	07*)	1.000	135398	22*)	1.000
120125	1—50	200	126029	07*)	1.000	130327	25*)	5.000	135466	46*)	1.000
120210	07*)	10.000	126128	1—50	500	130522	1—50	200	135540	1—50	200
120227	39*)	1.000	126166	15*)	1.000	130691	40*)	1.000	135749	14*)	1.000
120241	01*)	1.000	126175	1—50	200	130728	1—50	200	135990	18*)	1.000
120365	47*)	1.000	126205	1—50	200	131063	29*)	1.000	136066	36*)	5.000
120445	20*)	1.000	126367	42*)	1.000	131160	29*)	1.000	136088	44*)	1.000
120561	1—50	200	126481	1—50	200	131167	1—50	200	136168	04*)	1.000
120700	11*)	1.000	126497	22*)	1.000	131184	1—50	200	136265	21*)	5.000
120943	09*)	1.000	126697	16*)	1.000	131573	43*)	1.000	136451	36*)	1.000
121087	21*)	10.000	126920	1—50	500	131692	1—50	500	136565	15*)	1.000
121173	16*)	1.000	126989	1—50	500	131727	1—50	200	136880	1—50	200
121205	1—50	200	127222	13*)	1.000	131760	39*)	1.000	137130	1—50	200
121680	1—50	500	127293	1—50	200	131765	33*)	1.000	137230	05*)	1.000
121699	07*)	1.000	127332	08*)	1.000	131772	1—50	500	137348	17*)	1.000
121877	1—50	200	127455	11*)	5.000	131885	1—50	200	137433	1—50	200
121948	36*)	1.000	127511	06*)	1.000	131936	16*)	5.000	137466	36*)	5.000
121984	19*)	1.000	127513	05*)	25.000	131985	1—50	200	137499	1—50	200
122251	1—50	500	127574	05*)	1.000	132447	29*)	1.000	137509	1—50	200
122523	39*)	1.000	127659	04*)	1.000	132455	1—50	200	137532	50*)	1.000
122531	16*)	1.000	127819	17*)	1.000	132456	36*)	1.000	137725	19*)	1.000
122678	22*)	1.000	127905	1—50	500	132469	23*)	1.000	137752	1—50	500
122699	48*)	10.000	128009	03*)	5.000	132492	34*)	1.000	137802	1—50	200
122762	30*)	1.000	128230	41*)	10.000	132524	30*)	1.000	138230	35*)	1.000
122842	33*)	1.000	128242	1—50	200	132961	1—50	200	138241	07*)	1.000
123065	43*)	1.000	128340	1—50	200	132999	14*)	1.000	138457	1—50	200
123095	31*)	1.000	128474	1—50	200	133004	41*)	1.000	138553	1—50	200
123136	02*)	1.000	128475	02*)	1.000	133118	1—50	200	138777	26*)	1.000
123218	03*)	1.000	128609	1—50	500	133387	14*)	1.000	138799	11*)	1.000
123412	42*)	1.000	128752	1—50	500	133836	1—50	200	138802	1—50	200
123533	1—50	200	128754	27*)	1.000	133854	1—50	500	139005	1—50	200
123558	1—50	200	128925	1—50	200	134126	32*)	5.000	139066	1—50	500
123665	15*)	1.000	128991	50*)	1.000	134251	33*)	1.000	139164	1—50	500
123957	1—50	200	129093	29*)	1.000	134458	1—50	200	139225	11*)	1.000
124214	04*)	5.000	129255	31*)	1.000	134533	15*)	1.000	139305	12*)	1.000
124239	21*)	1.000	129432	35*)	1.000	134540	1—50	200	139390	1—50	500
124380	34*)	1.000	129520	29*)	1.000	134657	38*)	1.000	139537	1—50	200
124531	04*)	1.000	129571	32*)	1.000	134742	48*)	1.000	139618	19*)	1.000
124554	10*)	10.000	129714	02*)	1.000	134868	1—50	500	139794	44*)	1.000
124559	1—50	500	129745	39*)	1.000	134934	1—50	200	139808	33*)	1.000
124718	1—50	500	129844	28*)	1.000	134988	38*)	1.000	139899	46*)	1.000
124826	17*)	1.000	129885	03*)	1.000	135003	23*)	1.000	139984	1—50	200
124846	09*)	5.000	129947	05*)	1.000						

*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАС ЖҮРЕКПЕН»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОТ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02857. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**